

АЙМАҚТЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ: ЗАЙСАН МЫСАЛЫНДА

Рафик Х. Усманов

*В.Н.Татищев атындағы Астрахан мемлекеттік университетінің
Шығыстану және саяси ғылымдар кафедрасының профессоры (Астрахан,
Ресей Федерациясы)*

E-mail: usmanr@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0003-2502-7667>

Аңдатпа. Мақалада Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің тарихи дамуы әлеуметтік-экономикалық және геосаяси факторлар тұрғысынан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты - өңірлік кәсіпкерліктің тарихи динамикасын айқындап, оның аймақ тарихындағы орнын көрсету. Зерттеу барысында Зайсанның географиялық ерекшеліктері мен шекаралық жағдайының кәсіпкерлікке әсері, XIX-XX ғасырлардағы кәсіпкерлік құрылымдары мен бағыттары, сауда жолдары, жәрмеңкелер, қолөнер және өнеркәсіп салаларының дамуы талданады. Сондай-ақ, татар, орыс және жергілікті қазақ кәсіпкерлерінің қызметтері салыстырылып, кеңестік кезеңдегі мемлекеттік саясаттың кәсіпкерлікке ықпалы зерттеледі. Тәуелсіздік жылдарындағы кәсіпкерлік тәжірибесі тарихи сабақтастық тұрғысынан бағаланған.

Зерттеудің ерекшелігі - Зайсан өңіріндегі кәсіпкерлікті әлеуметтік-экономикалық және геосаяси факторлар аясында кешенді түрде қарастыруында. Еңбектердің басым бөлігінде кәсіпкерлік жалпы қазақ қоғамы немесе бүкіл Шығыс Қазақстан деңгейінде сипатталса, бұл мақалада нақты өңірге басымдық берілген. Мұрағат деректері, статистикалық жинақтар, этнографиялық материалдар мен заманауи зерттеулерге сүйене отырып, аймақтық кәсіпкерліктің тарихи дамуы алғаш рет жүйелі түрде талданған.

Зерттеу нәтижелері экономикалық тарих, әлеуметтік тарих және этнография салаларында кешенді көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ қазіргі заманғы аймақтық кәсіпкерлікті дамыту стратегияларын жасауға, тарихи туризм мен өлкетану жұмыстарын жетілдіруге негіз бола алады.

Түйін сөздер: Зайсан, кәсіпкерлік, әлеуметтік-экономикалық фактор, геосаяси жағдай, сауда, көпес, жәрмеңке, татар.

Кіріспе

Қазақстан тарихының аймақтық қырларын зерттеу бүгінгі күні ерекше мәнге ие болып отыр. Елдің әрбір өңірі өзіндік тарихи дамуы, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері, этнодемографиялық құрылымы және геосаяси орны арқылы айшықталады. Соның ішінде Зайсан өңірі Қазақстанның шығыс бөлігінде орналасқан, табиғи байлықтарға бай, шекаралық аймақ ретінде геосаяси тұрғыдан да аса маңызды өлке болып табылады. Бұл өңірдің кәсіпкерлік дәстүрлерін, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірін жан-жақты зерттеу тек қана аймақтық тарих үшін емес, жалпы қазақ қоғамының экономикалық тарихын түсінуде де ерекше рөл атқарады.

Зайсан өңірінің ерекшелігі – оның Шығыс Қазақстанның Қытаймен шектесетін аймағында орналасуында. XIX ғасырдан бастап мұнда халықаралық сауда жолдары тоғысқан, ал XX ғасырдың басында кеңестік экономикалық саясаттың ықпалымен жаңа кәсіпкерлік бағыттар дамыған. Бұл өңірдегі кәсіпкерлік тарихын зерттеу арқылы біз тек жергілікті деңгейдегі сауда-өнеркәсіп қатынастарын ғана емес, сонымен қатар шекаралық саясаттың, геосаяси жағдайдың, этносаралық қатынастардың және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің өзара ықпалын айқындаймыз.

Кәсіпкерлік – кез келген қоғамның экономикалық дамуының басты факторларының бірі. Қазақстанның шығысындағы Зайсан өңірінде кәсіпкерлік үрдістер әрқашан табиғи-географиялық ерекшеліктермен, көршілес мемлекеттермен шекаралық қарым-қатынастармен және ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тығыз байланыста дамыды. Мұнда қазақтармен қатар татар, орыс, және басқа да этностар қоныстанып, сауда-саттық пен қолөнер кәсібін өркендетті. Әсіресе татар көпестері мен жергілікті қазақ байларының экономикалық қызметі аймақтық кәсіпкерлік тарихында маңызды орын алды.

Мақала мазмұны Қазақстанның кәсіпкерлік пен шағын бизнесті дамыту стратегиясымен де үндеседі. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи тәжірибені зерделеу бүгінгі кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру үшін маңызды. Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің тарихи тамырларын ашу қазіргі заманғы экономикалық даму саясатына сабақ бола алады.

Материалдар мен әдістер

Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің тарихи дамуын зерттеу үшін әртүрлі дереккөздер мен әдіснамалық тәсілдер кешені пайдаланылды. Зерттеу материалы ретінде мұрағаттық құжаттар, статистикалық жинақтар, ғылыми еңбектер, этнографиялық және фольклорлық деректер, сондай-ақ заманауи баспасөз бен ресми құжаттар қолданылды. Статистикалық деректер арасында ресми жинақтар, Ресей империясы Ішкі істер министрлігінің баспасөз материалдары, халық санағы мен экономикалық жоспарлау құжаттары пайдаланылды. Ғылыми негіз ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері қолданылып, аймақтық кәсіпкерліктің тарихи эволюциясы салыстырмалы тұрғыда қарастырылды. Этнографиялық және фольклорлық деректер аймақ халқының дәстүрлі шаруашылық мәдениеті мен кәсіпкерлік тәжірибесін сипаттауға мүмкіндік берді, ал заманауи деректер мен мерзімді баспасөз материалдары Тәуелсіздік кезеңіндегі кәсіпкерлік даму үрдістерін көрсетуге негіз болды.

Зерттеу барысында тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, экономикалық-статистикалық, геосаяси және мәдени-тарихи әдістер кешенді түрде қолданылды. Тарихи-генетикалық әдіс кәсіпкерліктің шығу тегі мен эволюциясын қарастыруға мүмкіндік берсе, тарихи-салыстырмалы тәсіл Зайсан кәсіпкерлігін Қазақстанның басқа аймақтарымен және көршілес мемлекеттермен салыстыруға жағдай жасады. Тарихи-типологиялық әдіс кәсіпкерліктің түрлері мен қатысушыларын жүйелеуге

бағытталса, экономикалық-статистикалық әдіс сандық деректерді талдауға негіз болды. Геосаяси талдау өңірдің шекаралық ерекшеліктерінің кәсіпкерлікке әсерін анықтаса, мәдени-тарихи тәсіл кәсіпкерліктің тек экономикалық ғана емес, мәдени құбылыс ретінде маңызын көрсетуді қамтамасыз етті.

Әдіснамалық негіз ретінде М. Вебердің әлеуметтік әрекет теориясы, А. Тойнби мен Ф. Бродельдің өркениеттік тәсілі және қазақ тарихнамасындағы этносоциомәдени әдіс пайдаланылды. Сонымен қатар посткеңестік зерттеулерде қолданылатын аймақтық идентичность, шекаралық аймақ тарихы және трансұлттық байланыстарға қатысты жаңа әдіснамалық бағыттар ескерілді. Деректер мен әдістердің кешенді үйлесімі зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен нақтылығын арттырды, тарихи-генетикалық талдау кәсіпкерліктің шығу тегін және эволюциясын ашса, статистикалық және жүйелі талдау нақты көрсеткіштер мен әлеуметтік-саяси контексті байланыстырды. Геоақпараттық талдау сауда жолдары мен жәрмеңке орталықтарының орналасуын визуализациялауға мүмкіндік берді, бұл Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің тарихи даму ерекшеліктерін кешенді түсінуге жағдай жасады.

Талқылау

Зайсан өңірінің кәсіпкерлік тарихы отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде жанама түрде қарастырылғанымен, арнайы кешенді зерттеу аз жүргізілген. XIX-XX ғасырлардағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдаған М.Қозыбаев, Е. Бекмаханов, Н. Масанов сияқты тарихшылардың еңбектерінде негізінен аграрлық қатынастар мен сауда жолдары қарастырылған, ал аймақтың нақты кәсіпкерлік тарихы көбінесе жергілікті өлкетанушылардың мақалалары мен мұрағаттық деректерде кездеседі. Орыс ориенталистері мен статистиктерінің еңбектерінде халық саны, шаруашылық құрылымы, сауда қатынастары туралы маңызды мәліметтер берілген. Мысалы, XIX ғасырдың аяғында шыққан Семей облысының статистикалық жинақтарында Зайсан уезіндегі жәрмеңкелер, мал шаруашылығы өнімдерінің саудасы және көршілес Қытаймен жасалған экономикалық байланыстар нақты деректермен қамтылған (Семейская статистика, 1898).

Тарихи деректерді талдау Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің бірнеше кезеңнен өткенін көрсетеді. Дәстүрлі кезең қазақ қоғамындағы мал шаруашылығы мен айырбас саудаға негізделген, XIX ғасырдың екінші жартысындағы жәрмеңкелік кезең аймақты ірі экономикалық орталыққа айналдыруда маңызды рөл атқарған. XX ғасырдың басында индустриялық-кеңестік кезең басталып, кеңес өкіметінің экономикалық саясаты аясында жаңа кәсіпорындар құрылып, ұжымдық шаруашылық дамыған. Тәуелсіздік кезеңінде (1991 жылдан бастап) нарықтық қатынастарға бейімделу арқылы жергілікті кәсіпкерлік жаңа серпін алған. Бұл кезеңдер Зайсан кәсіпкерлігінің аймақтық ерекшеліктерін ғана емес, Қазақстанның жалпы экономикалық даму тарихындағы орнын да айқындайды.

XVII ғасырда Ресейге келген және Алтай өңірінде болған француз дипломаты Де Ла Невиль өз еңбегі «Любопытное и новое известие о Московии»

(1689) арқылы Зайсан көлі мен оның тұрғындары туралы толық мәлімет берген. Сол сияқты даниялық Эверт Избранд Идес те аймаққа қатысты маңызды деректер қалдырған. 1715-1716 жылдары Зайсанда И. Бухгольцтің экспедициясы жүргізіліп, ол Ресей империясының оңтүстік Сібір жерлерін отарлау саясаты аясында қазақ жерлерін зерттеумен тығыз байланысты болған. XIX ғасырдың 60-жылдарында Зайсан өңірін зерттеу белсенді жүргізіле бастады, себебі бұл кезеңде Ресейге қосу процесі толық аяқталған болатын. Сол кездің өзінде дамып келе жатқан Зайсан қаласы зерттеушілер үшін негізгі тірек болған, ал олардың экспедициялық материалдарында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, тұрғындары және белгілі тұлғалары туралы құнды мәліметтер жинақталған (Жапаров, 1998).

Неміс ғалымы және саяхатшысы Альфред Эдмунд Брем өз әріптесі Отто Финшпен 1876 жылы Батыс Сібір мен Қазақстанда зерттеулер жүргізіп, экспедициялық материалдарға негізделген «Батыс Сібірге саяхат» еңбегін жазған. Ондағы сегізінші тарауда Зайсан қаласының жылдам даму үрдісі, кең әрі таза көшелері, кірпіштен салынған үйлері, ағаш шіркеуі мен үш сыныптық приходтық мектебі, сауда базарындағы әртүрлі тауарлар сипатталған, қалада шамамен 163 үй және 2 мың тұрғын болғаны көрсетілген (Финш, 1882).

XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында Дала өлкесінің уездік қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын нұсқаулықтар жарияланып, онда қалалық елді мекендердің халқы, сауда мен өнеркәсіптің дамуы, әлеуметтік-мәдени жағдайлары туралы мәліметтер келтірілген. Сол уақыттағы зерттеулер Ертіс маңы қалаларының транзиттік инфрақұрылымын дамытудағы рөлін, Ресей мен Қазақстан арасындағы тауар айналымының динамикасын, сондай-ақ Батыс Сібір, Орта Азия және Қытай иеліктері арасындағы сауда қозғалысының ерекшеліктерін қарастырған (Венюков, 1861; Завалишин, 1867; Балкашин, 1881). Г.Н. Потанин Дала өлкесі мен Сібірдегі сауданы зерттей отырып, мұндағы қалыптасқан буржуазияның негізінен сауда және өсімқорлық сипатын көрсеткен. Ол Семей қаласы және облыстың басқа қалаларындағы көпестерді сипаттап, Ертіс өңіріндегі саудагерлердің негізгі бағыты транзиттік сауда жолдарының қиылысында орналасқанын атап өткен (Потанин, 1867; 1884).

1897 жылғы халық санағы нәтижелері мен Ф. Щербина жетекшілігімен жасалған 13 томдық «Материалы по киргизскому землепользованию» жинағы Зайсан және Өскемен уездеріне қатысты маңызды деректерді қамтитын, өңірдің табиғи-географиялық, жер жағдайы мен шаруашылығына байланысты материалдар ұсынған (Материалы, 1898-1906). Кеңестік кезеңде, 1928 жылы «Известия Томского государственного университета» басылымында академик В.А. Хахловтың «Зайсан қазаншұңқыры және Тарбағатай Құстарзоогеографиялық очеркінің» еңбегі жарияланып, омарта шаруашылығының дамуына мән берілген (Хахлов, 1928). Бұл еңбектерде кәсіпшілікпен айналысқан қазақтар туралы нақты мәліметтер болмаса да, аймақтық кәсіпкерліктің болашақтағы маңызы көрсетілген.

1960-1980 жылдары Ресейдің Азиялық бөлігіндегі қалалардың салыстырмалы-экономикалық дамуын зерттеу белсенді жүргізілген. Сол кезеңде

Дала өлкесінің уездік қалаларының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын қамтитын зерттеулер көбейген. Н.В. Алексеенко, Н.Е. Бекмаханова, В.С. Черников солтүстік және шығыс Қазақстандағы қалалық елді мекендердің әлеуметтік және ұлттық құрамын талдаса, С.А. Сүндетов, Ж.К. Қасымбаев, Г. Чуланов уездік орталықтардың сауда-өнеркәсіптік дамуына қатысты кейбір мәліметтерді ғылыми айналымға енгізген (Алексеенко, 1981; Бекмаханова, 1986; Черников, 1985; Сүндетов, 1969; Қасымбаев, 1981; Чуланов, 1960).

Кеңес кезеңінің қазақстандық тарихнамасында Е.Б. Бекмаханов пен Т.Ж. Шоинбаев Шығыс Қазақстан қалаларының көпестер тарихына қатысты нақты материалдар ұсынған. Олар Қазақстанның Ресей, Қытай және Орта Азиямен сауда байланыстарын зерттеу кезінде уездік елді мекендерді экономикалық және әкімшілік тұрғыдан қарастырған (Бекмаханов, 1957; Шоинбаев, 1982). 1990 жылы Ж.Қ. Қасымбаевтың «Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг.» еңбегі жарияланып, Шығыс Қазақстан қалаларының сауда мен әкімшілік функцияларының үйлесімін көрсеткен. Еңбекте Зайсан қаласының 1861–1917 жылдардағы дамуы қарастырылып, сауда саласындағы делдалдық рөлі айқындалған (Қасымбаев, 1990).

Тарихнаманың қазіргі кезеңінде қазақстандық тарихшылар XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Дала өлкесінің уездік қалаларының шаруашылық даму тарихы бойынша жаңа нақты-нақты материалдар жинап, еңбектерді жарыққа шығарды. Атап айтқанда, Ертіс бойы, соның ішінде Зайсан өлкесінің сауда-экономикалық дамуы және кәсіпкерлері туралы М.К. Каримов, М.К. Асылбеков, А.Ф. Даутованың «Шығыс Қазақстандағы қазақ кәсіпкерлігінің дамуы» (Каримов, 2016) атты еңбегі біршама мәліметтер береді. Сонымен қатар, В.З. Галиевтің Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағына арналған орыс тілінде шыққан «Халықты оятқан кітап» («Книга, разбудившая народ») (Галиев, 2011) атты еңбегінде Міржақыптың Зайсандағы оқытушылық жылдары оның көзқарасын сол кездердегі саяси оқиғалармен байланыстыра қарастырады. Аталған еңбекте Зайсандағы бірқатар кәсіпкер-көпестер туралы мағлұматтар берілген.

А.Ж.Габдулина, К.В.Джумағалиева, Р.Д. Ахметова, Х. А.Аубакировалардың «The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire» мақаласында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ресей империясының шет аймақтарының сауда-өнеркәсіптік даму тарихы қарастырған. Авторлар архивтік дереккөздер мен құжаттарға сүйене отырып, Плещеевтер отбасы мысалында қазақ өлкесіндегі өнеркәсіптік-көпестік қызметті зерттеді.

Б.Ж.Атантаева мен Д. Чунгалов «Роль купцов в становлении Семипалатинска как торгового и промышленного города в XIX - начале XX вв.» мақаласында XIX ғасырдың аяғы–XX ғасырдың басындағы Семей қаласының көпестерінің қызмет тарихы жан-жақты талданады. Семейдің сауда және өнеркәсіп қаласы ретінде қалыптасуындағы жергілікті көпестердің рөлі баса назарға алынады. Б.Ж.Атантаева мен Р.Д. Ахметованың «Татарское купечество Семипалатинской области в XIX - начале XX века» мақаласында Семейдің Ертіс өңірінде татар этносының қалыптасу тарихы зерттеледі. Құжаттық деректер

негізінде XIX ғасырда Қазақ даласына татарлардың қоныстануының себептері, татар қоныстарының пайда болу тарихы талқыланды.

А.Ж.Габдулина, К.Ш. Аубакирова, Р.Д.Ахметова, Г.А.Абеновалардың «Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity» мақаласында дала аймағындағы көпестердің кәсіпкерлік және қайырымдылық қызметі қарастырылады. Өңірде су сауда жолдарын, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды құру процесіне назар аударылады.

Локалдық зерттеушілер де аймақтағы кәсіпкерлікті жан-жақты қарастырған. С.Черных, Ғ.Байбатыров, Қ.Алтыбаев, М. Жеңсеханов сияқты өлкетанушылар архив материалдары мен ауызша деректер негізінде Зайсан өңірінің тарихын зерттеп, кәсіпкерлік қызметтің қалыптасуы мен дамуына қатысты маңызды мәліметтер берген.

Зерттеулерді салыстыру нәтижесінде келесі қорытындыларға келуге болады: Зайсан өңірінің кәсіпкерлік тарихын отарлық саясат, кеңестік индустрияландыру және нарықтық қатынастар тұрғысынан бөлек қарастыру мүмкін емес; бұл көпқырлы тақырып ретінде кешенді зерделенуі тиіс. Әр кезеңнің зерттеушілері өз дәуірінің идеологиясына сәйкес көзқарас қалыптастырғанымен, олардың еңбектеріндегі деректерді біріктіріп пайдалану ғылыми нәтижелерге жеткізеді. Сонымен қатар, Зайсан кәсіпкерлігінің тарихы тек аймақтық шеңберде ғана емес, Еуразиялық кеңістіктегі экономикалық байланыстар контекстінде де маңызды рөл атқарады.

Нәтижелер

Зайсан аталатын кең өлкенің бір бөлігі ғана қазіргі осы аттас әкімшілік ауданға қарайды. Алтай жоталары, Тарбағатай-Сауыр таулары, Шар-Көкпекті шоқыларымен шектесетін кең атраб «Зайсан қазан шұңқыры» аталады, оның нақ ортасында Зайсан көлі орналасқан. Физикалық география тұрғысынан бұл алқап Ертіс өзенінің бассейнін қалыптастыратын Нарым, Бұқтырма, Күршім, Қалжыр, Көкпекті, Бөкен, Кендірлік, Үлкен Ұласты өзендерінің арна-сағаларымен қоса қарастырылады.

Кезінде өлкенің солтүстігі Ресейге, оңтүстігі Қытайға тиесілі болды. Орыстар қазақ пен жоңғар соғысып жатқан кезде Ертісті бойлай бекініс салса, Қытай Жоңғар мемлекетін жойып, оған қарасты жерлерді түгелдей өзінікі деп есептеді. Екі империя шекарасын айқындау үшін 1860 жылы Пекин келісіміне қол қойып, шекара сызығын 1864 жылы Шәуешекте айқындауға тоқтам жасады. Дүнген-ұйғыр көтерілісі салдарынан бұл шешім аяқсыз қалды. Көтерілісті басуға Қытайдың өз мүмкіндігі болмай, Ресейден көмек сұрауға мәжбүр болды. Жетісу генерал-губернаторы Г.А.Колпаковский бастаған орыс әскері Қытай шебінде тұрақтап қалып қойып, тек қана 1881 жылы Санкт-Петербург келісімі бойынша Іле аймағынан шығып, қарымтасына Зайсан өлкесінің Қара Ертіс аңғарын алды. Бұл жағдай 1884 жылы Шәуешек протоколымен заңдастырылған. Іс жүзінде оған дейін-ақ Ресей өз мүддесін ойдағыдай орындап үлгірген болатын.

XIX ғасырдың екінші жартысынан Қазақстанның Шығысы соның ішінде осы өңірдің оңтүстік аудандарының табиғатын, халық турмысын зерттеуде

Н.М.Пржевальскийдің еңбектері елеулі маңызға ие. Осы тұрғыда оның 1889 жылы Санкт-Петербургте шыққан «Третье путешествие в Центральную Азию из Зайсана через Хами в Тибет и на верховье Желтой реки Н.М.Пржевальского» (Жеңсеханов,2003) атты шығармасында XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның шығыс аймағының оңтүстік аудандарының табиғаты, жергілікті халық тұрмысына кеңінен талдау жасаған. Зерттеуші осы шығармасының басында аталған экспедицияға дайындық мәселесін баяндап, жол көрсетуші қазаққа толығынан сипаттама береді. Осы тұрғыда ол: «Жақсы, тіпті өте жақсы түйе табу қажеттігі оңай болған жоқ. Тек Семей облысының әскери губернаторы Л.П.Проценконың және оның штаб бастығы полковник В.Ф.Ильинскийдің араласуынның нәтижесінде біз Зайсан қырғыздарынан өте жақсы 35 түйе сатып алдық. Олардың 23 жүк тиеуге, 8 казактардың мінуіне, қалған 4 қосымша ретінде пайдаланылатын болды» (Жеңсеханов,2003), - деп жазды. «Жоғарыда атап көрсетілгеніндей, біз алдағы сапарға дайындалу мақсатында деп көрсетеді зерттеуші одан ары, - Зайсан бекінісінде үш аптадан артық болдық. Шындығында біздің дайындығымыз аяқталды, алайда осы жылғы көктемнің кейін басталуы біздің сапарға шығуымызға мүмкіндік бермеді. Зайсан аңғарына негізінен қар мол түседі, 1879-1880 жылы қар әдеттегіден де мол болып, наурыз айының ортасына дейін даланы толық басып жатты. Ақыр соңында күн жылынып, қар тез еріп, біздің сапарға шығуымызға мүмкіндік туды» (Алтыбаев, 2006). Бастапқы кезеңдегі жол көрсетушілікке 1877 жылы бізге Құлжадан Гученге дейін баруымызға көмектескен Зайсан приставлығының қырғызы Мырзаш Алдияров алынды. Мырзаш ұзақ жылдар барымтамен, яғни жылқы ұрлаумен айналысқандықтан бізбен шекаралас Жоңғарияның батыс бөлігін жақсы білетін. Аталған кәсіп қырғыздар арасында айыпталудың орнына шебер барымташылар еліктеу мен мақтауға лайық, нағыз жігіттік деп бағаланатын. Мырзаш өзінің осындай ерліктері арқылы «батыр» (богатырь) деген құрметті атауға ие болды. Аталған батыр өзінің өмірінде (ол осы уақытта 53 жаста болатын) бірнеше рет аса ауыр жағдайда қалғандығы, алайда одан шығар жолды таба отыра мыңнан артық жылқы ұрлағандығын мойындады.

Ұрланған жылқының иесінің оның маңдайына балтамен салған белгісі біздің батырымыздың бұл кәсібінің үнемі сәтті аяқталмайтындығының белгісіндей еді. Оны қатал бақылауда ұстаған жағдайда Мырзаш жол көрсетуші ретінде өте керекті еді. Осы еңбегінде саяхатшы өзі бірнеше рет болған Зайсан өңірінің табиғат ерекшелігіне, казак қоныстарына, елді-мекен атауларына талдау жасаған. Осы тұрғыда оның жазуынша: «Зайсаннан шыға отыра біз 25 шақырымнан кейін одан ары Қытаймен шекара өтетін шағын және жұпыны казак тұрағы Кендірлікке аялдадық. 1864 жылғы Шұғышақ келісімімен аяқталған бұл шекара көң аумақты, балыққа бай Зайсан көлін бізге қалдырып, Қара Ертістің төменгі ағысы арқылы жүре отыра солтүстік-шығысқа қарай кететін 1881 жылғы Санкт-Петербург қаласында жасалған жаңа келісімге сәйкес жаңа шекара белгісі мүмкіндігінше қазіргі шекара мен Куйтун тауынан Сауыр жотасына қарай Қара Ертіс арқылы өтетін тура жүйе арқылы бағытталады. Аталған шартқа орай жаңа шекара картада көрсетілгеніндей бағаналар қойылғанға дейін Куйтун тауынан (Бұқтарманың сағасы) Оңтүстік Алтай арқылы Кабы мен Бургон өзендері

ортасымен Қара Ертіске, одан ары тура Сауыр тауларына қарай өтеді. Кендірліктен арба жолы Майқапшағай аңғарымен Улюнгур көліне, одан ары Булуң-Тоғай тауына кетеді. Зайсаннан Улюнгурге дейінгі жол 175 шақырым (верст). Бізге Кендірліктен тұманды мекеніне дейін көрсетілген мерзімде қары аз болатын айналмалы оңтүстік жол арқылы 15 шақырым артық журуге тура келді. Қалай дегенмен де осы айналмада үнемі кездесіп отырған батпақ пен қысқы қар жолдарынан біз түйелермен көптеген әуреге түстік. Атап айтқанда 26 наурыз күні қыстың қалың ортасында болатындай қарлы боран соқты» (Зайсан, 1998).

XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасырдың басындағы Ертіс өңірі, Зайсан жеріндегі кәсіпкерлік экономиканың сауда-өсімқорлық, ауылшаруашылық саласында, сонымен қатар өңдеуші өнеркәсіптің кейбір салаларында (үн, темекі-шарап, тері және т.б.) табысты дамыды. Кәсіпкерлік іс-әрекетінің бұл салаларын бөлек қарастырылуы осы салалардың әрбіреуінің бір-бірінен автономды дамығандығын білдірмейді. Бүкіл дерлік революцияға дейінгі әдебиеттерде сауда мен өндіріс бірге беріледі. «Сауда-өнеркәсіптік тап», «сауда-өнеркәсіптік іс-әрекет» сияқты түсініктер жиі кездеседі. Бұл да кездейсоқ емес, себебі көпестердің көбі сауда саласында бастапқы капиталды жинап, кейіннен капиталды өнеркәсіптік бизнеске салуға тырысты. Ал соңғысы, белгілі болғандай, кәсіпкерлікті негізінен ауылшаруашылық өнімді өңдеу саласында көрсетті. Осылайша, кәдімгі өмірде сауда, ауылшаруашылық, өнеркәсіптік кәсіпкерлік бір-бірін толықтырып өмір сүрді. Ірі кәсіпкерлер өз капиталдарын жиі іс-әрекеттің әртүрлі кәсіпкерлігіне салды, себебі бір операциялардың бұзылуы басқалардың табыс табуымен компенсацияланады.

Кәсіпкерліктің талдауын қарастырғаннан бұрын, XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасырдың басындағы өлкеде кәсіпкерліктің тарихи алғышарттарын, сонымен қатар бұл үрдісті тездететін және тежейтін факторларды анықтау қажет.

Ресеймен саяси бірлік Қазақстанның жалпыресейлік нарыққа енуіне мәжбүр етті. Бұл өлкеде кәсіпкерліктің және тауар-ақша қатынастарының кеңеюіне ықпал жасады. Бірақ, олардың тез және кең жайылуына Қазақстанды метрополияның аграрлы – шикізат отарын айналдыруына бағытталған саясаты кедергі жасады. Отарлық әкімшілік қазақтардан ең шұрайлы жерлерді тартып алып, оның қазақ шаруашылығына қалай әсер ететініне көңіл аударған жоқ. Мал шаруашылығына мал жайылатын жерлерде көшпенді жолдардың қоныс аудару жерлеріне айналуы үлкен зардап әкелді. Өлкені күшейтіп отарлаудың нәтижесінде қазақ халқы бірікті. Кәсіпкерліктің дамуының қолайсыз факторы болып табылатын нарықтың тарылуына әкелді.

Бұл үрдістің тежелуі сонымен қатар кәсіпкерлердің құқықтық жағынан әлсіз қорғалуынан болды. Кәсіпкерлердің өзара қарым-қатынастары Сауда Жарғысымен реттелуі қажет. Сауда даласында жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлердің жағдайы өте қиын болды. Үлкен көлемдегі саудамен айналысу құқығы артықшылықтары бар көпестік шендердің өкілдері алды. Мұндай артықшылықтар жергілікті халыққа өте сирек берілетін. Үкіметтің қазақтарды саудаға тарту шешімдері жергілікті халықтың игілігін ойлаудан емес, ал ресей тауарларын сатудағы нарығын кеңейту үшін және қазынаға салықтардың көбеюі

үшін жасалды.

Кәсіпкерліктің дамуына сонымен қатар капиталдың болмауы, мамандырылған кадрлардың жетіспеуі, сонымен қатар істерді басталған шаблондар бойынша жүргізу әдеті кедергі болды. Натуралды шаруашылықтың, әсіресе ірі сауда орталықтарынан және сауда жолдарынан алыс орналасқан жерлерде басым болуы кәсіпкерліктің дамуын тежеді. Кәсіпкерлікпен айналысқан бай адамдардың көбі негізінен өздерінің кедей құрдастарының төленбейтін еңбегіне негізделді. Күштеп жұмыс істеткізу жағдайында өндірісті жетілдірудің мүмкіндіктері өте шектелген болды. Капиталдың жетіспеуінің, нарықтық конъюнктураның тұрақсыздығы жағдайында саудада пайдаланылатын несиенің пайызы өте жоғары болатын. Бұның нәтижесінде кәсіпкердің несиені айналым құралы ретінде пайдаланған бүкіл дерлік пайдасы жойылды.

Істе бар болған салық жүйесі кәсіпкерлердің экономикалық белсенділіктерін шектеді. Ауыр салықтық қанау ең алдымен сауда-өнеркәсіптік халыққа қиын тиді. Сол уақыттың көптеген кәсіпкерлері салық ауыртпашылығы жайлы айтты, сол себептен өнеркәсіп пен сауда күйзеліске ұшырайды. Кәсіпкерлік және инвестициялық белсенділікті тездететін салық саясатының қажеттілігі жайлы сауда мен өнеркәсіп өкілдерінің бүкіл съездерінде айтылады.

Зайсан өңірінің ерекшелігіне оның территориясының кеңдігі болды. Кәсіпкерлерге алыс жерлер, өлкенің сондағы дүниежүзілік сауданың дамыған коммуникацияларынан алыс болуы, транспорттық жүйенің әлсіз дамығандығы сияқты ауыртпашылықтарды басынан өткізуге тура келді. Кейбір кәсіпкерлер жолдарды жетілдіру талпыныстарын жасады, бірақ үкімет тарапынан қолдау болмағандықтан олар нәтижесіз болды.

1897 ж. санақ бойынша бүкіл Қазақстан халқының 3,6%, бұл 40 мыңға жуық адам саудамен айналысты. Бірақ, халықтың әртүрлі таптарының өкілдерінің саудада көп қатысуы кәсіпкерліктің дамуының жоғарғы деңгейін емес, керісінше Қазақстанда нарықтың қалыптасу үрдісінің бастапқы сатысын білдірді. Саудагерлерді, әсіресе минималды шығындарда жоғары пайданы алу мүмкіндігі қызықтырды. Баға тауардың жасалуына салынған ақшаға емес, ал оның сиректігіне және оған тұтынушылардың сұранысына байланысты болды. Бүкіл ресми құжаттарда далада тауарларға деген бағаның жоғары болуына тұрақты арыздар болды. Бұл жағдай қырда ірі капиталистердің жетіспеуімен қарапайым түрде түсіндірілді, бірақ олай болған жоқ. Басты себеп, ең алдымен қырда сауданың бірге жүргізілмеуінен және көпестердің үлкен «барыштарға» деген сараңдығына байланысты болды (Цитович, 1886).

Өлкеде жекеменшік кәсіпкерліктің даму жолындағы басты факторлар ретінде, біздің пікірімізше, метрополия капиталистерінің монополиясы, жергілікті кәсіпкерлер үшін қолайсыз құқықтық жағдайлар және қаржы несиелік жүйенің дамымағандығы болды.

Сонымен қатар Зайсан өңірінде кәсіпкерліктің дамуын жеделдеткен факторлар да болды. Бұл өлкеде табиғат жағдайы қолайлы болды.

Қазақ кедейлігінің өсуі және аңшылықтың дамуы арзан жұмысшы күшінің қорын қамтамасыз етті. Халықтың көп бөлігі өз жұмыс күшін әртүрлі

кәсіпкерлерге сату арқылы өмір сүрді. Бұл жайлы бұл кезеңде жұмысшы болып жалданған қазақтардан тартып алынған билеттік алымдардан түскен кірістер дәлелдейді. Мысалға, Семей облысында тек қана бір 1887 ж. ішінде кетпелі табыстарға 20154 билеттер берілді. Олардың ішінен Өскеменде 7028 билеттер берілді, Семейде – 6728, Қарқаралыда – 3656, Павлодарда – 2036, Зайсанда – 706.

Сонымен қатар кәсіпкерліктің дамуында демографиялық фактор, әсіресе қала халқы санының өсуі үлкен рөлге ие болады. Қала халқының өсуі малшаруашылығының ғана емес, сонымен қатар егіншіліктің де тауарларын сататын нарықтардың құрылуына әкелді. Ертіс өңірінің Омбы қаласы сияқты ірі кәсіпкерлік орталығында жыл сайын халықтың көбеюі байқалды. 1897 ж. санақ бойынша Омбы қаласында 37376 адам болды. 1914 ж. 1 қаңтарында, облыстық статистикалық комитеттің мәліметтері бойынша, Омбы қаласының халқы 137245 адамды құрады. Қала халқының тез өсуі Павлодарда да байқалды. Бұны келесі мәліметтер дәлелдейді: 1898 ж. қалада 7620 мың. тұрғын болса, ал 1910 ж. – 12350 мың болды. Қала халқының өсуі Ертіс өңірінің бүкіл қалаларына тән болды.

Қазақтар арасында кәсіпкерліктің таралуында арнайы маңызға салық салу жүйесі ие болды. Ол бойынша әрбір шаруа жыл сайынғы кибиткалық, жандық және т.б. салықтарды төлеу үшін ақша табуға міндетті болды.

Зайсан өңірінің инфрақұрылымының қалыптасуына және дамуына мемлекеттік, қоғамдық (қалалық банктер), кооперативті (өзара несие) және акционерлік сияқты мекемелер үлкен рөлді атқарды.

XIX ғасырдың екінші жартысына қарай Ресей мемлекеті Қазақстан жерін өзіне бүтіндей қосып алуды негізінен аяқтауға жақындады. Осы кезеңдегі жүрген үрдістер бүгінгі Шығыс Қазақстан облысының сол уақыттардағы Зайсан өңірінің қалыптасқан жағдайына да тікелей әсері болды.

Зайсан аталатын кең өлкенің бір бөлігі ғана қазіргі осы аттас әкімшілік ауданға қарайды. Алтай, Сауыр, Тарбағатай таулары, Қалба жоталарымен шектесетін кең атырап география ғылымында «Зайсан қазаншұңқыры» деп аталады. Оның нақ ортасында толып жатқан атауларға бастау болған Зайсан көлі орналасқан. Физикалық география тұрғысынан бұл алқап Ертіс өзенінің бассейнін қалыптастыратын Үбі, Үлбі, Нарын, Бұқтырма, Күршім, Қалжыр, Көкпекті, Бөкен, Кендірлік, Үлкен Ұласты, Шорға, Қарғыба, Базар, Боғас сияқты үлкенді-кішілі өзендердің арна-сағаларымен қоса қарастырылады.

Зайсанға қатысты тарихи мәселелерді бастамас бұрын осы «Зайсан» деген сөз қайдан шыққандығына да тоқталу керек сияқты. Ерте замандардан бері Зайсан көлі атауына байланысты туындаған аңыз-әңгімелердің біршама екендігі де белгілі. Көне тарихқа көз жүгіртсек, көл Хут-Хутциор, Нор Зайсан, Зайсан, Жайсаң деп аталып келген.

Хут-Хутциор деген сөз даңғырлы, қоңыраулы деген мағынаны білдіреді дейді зерттеушілер. Бүгінгі қазақтың тілінде бар, ежелгі түркі тіліндегі «хут» - сөзі біздегі «құт» сөзінің арғы тегі болуы да мүмкін делінеді. Зайсан жұртының тыныс-тіршілігінде маңызды орын алатын Үйдене, Жеменей, Теректі, Аба, Қараш, Кендірлік, Алыбай өзендерінің атаулары өте ертеде-ақ Алтайды мекен

еткен түркі тайпаларының қолданыстарында болған көрінеді. Мысалы, қазақтың кіші жүзінің байұлы атасына кіретін адай руының ертеде Алтайды мекендегендерін көрсететін фактілердің бірі ретінде оның құрамындағы «жеменей» табының болуын зерттеушілер айтады.

Жазушы Әнуар Әлімжанов және ақын Леонид Кривошеков кезінде өз еңбектерінде «Зайсан» сөзінің мағынасы моңғолша «Құдайдың сыйы» дегенді білдіреді деп жазған. Бұның негізінде тарихи шындық жатса керек. Шамамен XV-XVI ғасырлардың бірінде Алтай өңірінде жұт болып, мекендеп отырған ойрат рулары қатты күйзеліске ұшырап, жан сауғалап Зайсанның үстіндегі мұзға шығыпты делінеді. Олар мұзды ойып, көлдің балығымен жандарын сақтап, жазға жеткен көрінеді. Өздерін аштықтан құтқарған осы көлді жарылқаушы, «Зайсан» деп атаған дейді халық аңыздары. «Зайсан» атауы «балық» дегенді білдіреді деген тұжырымдар да жоқ емес. Зайсанның қазақи дыбыстануы «Жайсаң» атауын қарастырсақ, ол географиялық кеңістік тұрғысынан жанға жайлы, тұрмысқа қолайлы, шұрайлы да нулы кең алқап деген мағынаға саяды.

Ал кейбір ғалымдардың пайымдауынша «Зайсан» сөзінің негізінде моңғол тіліндегі әскери-феодалдық лауазымды білдіретін «Зайсанг» атауы жатуы да мүмкін Зайсан, 1998). «Нор» сөзі моңғолша көл деген мағынаны білдіреді. Бұл Нор -Зайсан атауы осы өңірде ойрат немесе жоңғар тайпалары мекендеген кезде дүниеге келсе керек.

Сол сияқты Зайсан көлінің ертедегі түрік заманындағы атауы да болған сияқты. Мәселен, «Қозы Көрпеш –Баян Сұлу» жырында қызы Баянды Сарыбайдың жетім баласы Қозыкөрпешке бермеймін деп қаша көшкен Қарабай бір кездері көше-көше: «Ертіс басы қара дң жерге жетті, Бейне теңіз дейтұғын көлге жетті» делінеді. Қазақ ғалымдары ежелгі түрік тайпаларының қоныстануының тарихи географиясымен деректерге сүйене отыра салыстырып, «Бейне теңіз» атауының Зайсан көлінің ертедегі түрік заманындағы атауы екендігін айтады(Жүнісов, 1998)

Кенді Алтай, Зайсан қазаншұңқыры аймағы, Сауыр мен Тарбағатай жоталары ежелден қазақтардың арғы ата-бабалары ертедегі түріктердің қонысы болған.

Халқымыздың өткені ғұн, үйсін, түрік қағанаты, оғыз, қарлұқ, қимақ, қыпшақ мемлекеттерінің тарихымен сабақтас.Зайсан өңірін қоныстану мәселесіне де осы тұрғыдан қараған жөн дейміз. Зайсан өңірін ежелден түркі найман тайпасы мекендесе, оның түп-төркінінің өзі ғұндарға барып тіреледі. Наймандар түрік қағанаты кезеңінде «сегіз оғыз» деп аталғаны белгілі. Тұңғыш қазақ тарихшыларының бірі - Қадырғали Жалайыр: «Оғыз қағанаты шаңырағы астында наймандар да болған» деп жазады (История,2005). Кейбір зерттеушілер ғұндардың тәңірқұты Мөде мен Оғыз қаған бір адам болуы мүмкін деген болжамды да жасайды. Қалай болғанда да Зайсан қазаншұңқырын адамдардың мекендеу тарихы өте ерте заманнан басталады.

Біздің заманымыздың VI ғасырынан бастап қанат жайған түрік қағанатының заттық айғақтары Зайсан жерінде де кездеседі. Сол дәуірде орнатылған балбал тастар Зайсан және т.б аудандардың жерлерінен табылып, олар кейіннен Өскемендегі, Семейдегі облыстық тарихи өлкетану, Зайсан және

Тарбағатай аудандық тарихи-өлкетану мұражайларының алдына орнатылды. Тұрған жерлерінен қазып әкелініп, мұражайлар немесе басқа да бір ғимараттар алдына әкеліп қою үрдісі әлі күнге дейін қалмай келеді. Сондай-ақ ең өкініштісі әкелінген балбалдардың көбінің қайдан әкелінгендеріне кезінде анықтама толтырылмаған. Біздің ойымызша, балбал сияқты тарихи ескерткіштер алғашқы орнатылған жерлерінде тұрулары керек.

1971 жылы Зайсан қаласынан бес шақырым жерден биіктігі 2,55 метрлік ірі түйіршікті гранит кесіндісінен қашап жасалған ер адамның тас мүсіні табылған. Жақсы бедерленген бұл мүсінде қазақтар «кісе» деп атайтын айылбастан, бас белдіктен және аспалы оқшантайлардан тұратын белбеулер жиынтығы нақышталған [5,144]

Еліміздің шығыс аймағына, соның ішінде оңтүстік Алтай, Қара Ертіс, Зайсан өңіріне қимақтар мен қыпшақтардан қалған деректер де бар. Олар біз үшін аса қымбат. Осы ұлыстардың тарихы арқылы бүгінгі біздердің Зайсан жерінде болған ежелгі түрік бабаларымыздың елеулі оқиғалардан тұратын кезеңін парақтауымызға болады. Осыдан он жыл бұрын біздің университеттің ғалымдары А.Исин және Е.Сайлаубай басқарған археологиялық «Шыңғыстау экспедициясы» қазіргі Абай ауданының жеріндегі Сарыкөл деген жерден қимақ дәуірінің қола, темір және алтын заттардан тұратын артефактілерді тапты [6,184]. Бүгінде көне дәуірлерден хабар беретін осы заттар Қазақстан Республикасының алтын және бағалы металдар мемлекеттік мұражайы экспонаттары қатарынан орын алған.

Қыпшақ ұлысының қазақ ұлтын ұйыстыруда елеулі орын алатынын ескерсек, көне деректердің бағасы біз үшін аса құнды. Әл-Идриси қимақтардың 16 қаласы болғандығын, оның он екісі хақанның астанасымен бірге Ертіс бойына орныққандығын айтады. Суландыру жүйелерінің қалдығы, астық пен шарапты сақтауға арналған үлкен-үлкен ыдыстар, тағы басқа да заттар мұнда үлкен ірі мекендердің болғанын айғақтайды. Қалай десек те, Қазақстанның Алтай өңірінің әлі де көптеген құпияларды ішіне бүгіп жатқандығы сөзсіз. [7,50]

Батыс Еуропа, Ресейдің тарихшы, саяхатшы ғалымдары Шығысты, оның ішінде Зайсан өңірін ертеден-ақ зерттеген.

XVII ғасырда француз үкіметінің дипломат агенті Дела Хевиль «Новое и любопытное известие о Московин» деген еңбек жазып, онда Зайсан көлі, осы маңдағы тұрғындар жайлы толық мағлұмат берген. Осындай деректерді сол заманда даниялық Эверт Исбранд Идес те жазып қалдырған.

Белгілі моңғолтанушы және түріктанушы, орыс-кеңес ғалымы Владимирцев: «1206 жылы наймандар Шыңғыс ханнан жеңілгеннен кейін, ежелгі қоныстары Алтайды тастап батысқа қарай ығысты. Олардың орнын бірте-бірте батыс моңғол тайпалары иемденді» деп көрсеткен. Шынында біз бұдан, бір кездегі найман-түркілердің жерін тарихи қалыптасқан осындай себептермен моңғол тайпаларының, оның ішінде жоңғарлардың иемденгенін көреміз.

Алтайға, Сауыр мен Сайқанға, Тарбағатайға, яғни қазақтың Жоғары Ертіс өңіріне бұрынғы өткен түрік халықтарының тікелей мұрагерлері қазақ ру-тайпаларының оралуын және өздеріне құтты мекен жасауларын XVIII ғасырдың

50-жылдарындағы Абылай хан басқарған ата-жұртты қайтарған оқиғалармен және Жоңғар мемлекетінің тарих сахнасынан кетуімен түсіндіреміз.

XVI- XVIII ғасырларды қамтитын кезеңдегі Ертіс қамалдар шебінің салынуының тарихы қазақ-орыс қатынастарының дамуымен және Қазақстанның Ресей империясына қосылуымен тығыз байланысты. XVI ғ орыс мемлекеті тарапынан қазақ даласына қатысты қызығушылық бірнеше себептерге, ең алдымен Ресей мемлекетінің экономикалық дамуына байланысты туындады. Мемлекеттің нығаюы мен орталықтануына орай сауда-саттықты дамытудың, табиғи байлық және Азияның алып елдерімен байланыс орнату қажеттілігі арта түсті.

Ресейдің осы аймақта орнығуы Үндістан бағытындағы Азия құрлығына тереңдей еніп, экономикалық байланыс орнатуға тиімді екенін І Петр жақсы түсінді. XVIII ғасырдың басындағы Солтүстік соғыс барысындағы қиын жағдайларға қарамастан І Петр осы аймаққа экспедициялар жасақтады. Оның бірі Бекович-Черкасский бастаған (1716 ж.) экспедиция сәтсіздікке ұшырайды. Осы бағыттағы, ілгерілеудің нақты жолы – Ертіс өзені екені байқалды. Бұл жолдың таңдалуына себеп болған, орыс кәсіпкерлерінің, саудагерлерінің, елшілік адамдарының барған жерлерінен қайтқанда, Ертістің арғы жағындағы Азия елдері туралы көргендерін айтып келулері жатты.

Ертістен жоғары қарай орыс жасақтарының жылжуы жоңғарлардың қарсылығын тудырды. Шекара шебінде орыс пен жоңғар арасында қақтығыстар басталды. 1713 жылы Сібір губернаторы князь Матвей Гагарин Ом мен Ертіс өзендерінің қосылған жерінен қоршалған бірнеше пунктер салу жоспарын І Петрге ұсынды.

Гагариннің мәліметін алғаннан кейін және аталған жоспардың пайдасын бағалай келе І Петр 1714 жылы 22 мамырда “Құм алтыны” бар жерлерді алу үшін подполковник И.Д.Бухгольц бастаған экспедицияны жасақтау туралы жарғыға” қол қойды. И.Д.Бухгольцқа толық тапсырмалар І Петрдің “Қалмақ жеріне жорық туралы” жарғысында берілді. 1715-1716 жылдары Зайсанға барған И.Бухгольцтің экспедициясы кең көлемді зерттеу жүргізген. Осы кезден былай қарай, 1714-1720 жылдары аралығында құрылысы жалғасқан Ертіс шебінің құрылысы басталды (Бралинова, 2012).

Ал 1718 жылы Семей қаласының, 1720 жылы Өскемен және 1763 жылы Бұқтырма қалашығының іргетасы қаланды. Біртіндеп Тарбағатай тауларына қарай орыстардың қоныс тебуі салдарынан қазақтар оңтүстікке қарай ығысуға мәжбүр болды.

Цин империясы өздерін 1758 жылы өздері жойып жіберген, бұрынғы Жоңғар хандығына қарасты жерлердің иесіміз деп есептеді. Бұл жағдай XIX ғасырдың 60-жылдарының ішінде ғана барып реттелген Ресей және Қытай шекаралық бөлінісімен тікелей байланысты болды.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап солтүстік - шығыс Алтай бөктеріне, Үлбі және Үбі өзендерінің аңғарларына патша өкіметінің қудалауынан қашқан ескі дінді ұстаушылар (Кержақтар.Авт.) келіп қоныстана бастады. Кейіннен бұл өңірлерге өкімет казактарды қоныстандырды. Орыс шаруаларының біздің аймағымызға қоныстандырыла бастауы Ресейдегі

крепостнойлық тәртіпті жойған 1861 жылғы реформадан кейін жүрді. Ал шаруаларды жаппай қоныстандыру Столыпин рефермасы кезеңінде болғаны белгілі (Қасымбаев, 1990)

Сыртқы саясатында Қытайдан гөрі Ресейлік бағытты басым ұстанған хан Абылай қайтыс болғаннан кейін, барлық орта жүз рулары да Ресейге бүтіндей бодан болу бағытын ұстанды деу ақиқатқа жанаспайды. Тарбағатайды жайлаған рулардың тәуелсіздігін сақтау үшін XIX ғ. бірінші жартысында бірде Ресеймен, бірде Қытаймен алысқан Сыбанқұл төре Ханқожаұлының осы өңірдегі қозғалысы екі жаққа да бодан болмай тәуелсіз өмір сүру саясатын аңсағандық еді. Дербестік үшін күрескен оның руластары мұрынның көрнекті өкілдері тоқабай Қожакелді батыр, мырзас Тәукебай Жәпекұлы осы күрестің құрбандары болды (Садықанұлы, 2005)

1818 жылы Орта жүз ханы Уәли қайтыс болған соң, Ресейдің патшалық үкіметі бұл қолайлы сәтті қалт жібермей, қазақ жерін басқарудың хандық жүйесін біржолата жойып, елді басқарудың жалпы Ресейлік тәртібін орнатуға кірісті. Сол кезеңде Ресей мен Қытайға кезек жалтақтауға мәжбүр болған, қазақ хандарын Абылайдың кезімен ешқандай да салыстыруға келмейтін. Олардың биліктері сөз жүзінде ғана болды, оларды жергілікті патша әкімдері қатаң бақылауға алып отырған. Сөйтіп, Ресейдің патша үкіметі 1822 жылы орта жүз, 1824 жылы кіші жүз қазақтары арасындағы хандық басқару жүйесін жойды, саяси тәуелсіздіктерінен айырды.

Ресей мемлекетінің «Сібір қазақтары туралы жарғысына» сәйкес, Орта жүз территориясы 8 сыртқы округке бөлініп, оларды аға сұлтандар басқаратын болды. Аталмыш жарлық мынадай әкімшілік бөліктерді белгіледі: 50-70 үй бір әкімшілік ауыл, 10-15 ауыл бір болыс, 15-20 болыс бір округ. Ауылды 3 жылға сайланатын старшын, болысты болыс басқаруға тиісті болды.

1822 жылы 22 маусымда Азиялық Ресей екі: Батыс Сібір және Шығыс Сібір деп аталатын екі генерал губернаторлыққа бөлінді. Батыс Сібірге Сібір қырғыздарының облысы деп аталған құрылым кірген Омбы облысы да қарады.

Омбы облысы ішкі округтерден және ерекше тәртіппен белгіленген сыртқы округтерден тұрған. Бұл кезеңде Алтай мен Тарбағатайдың арасында орналасқан Зайсан өңірі әлі толық Ресей ықпалына өтпеген болатын. Алтай мен Сауырда жүрген керейлердің кейбір бөліктерінің «бодамсыз керей» немесе «бодамды керей» деп аталулары да сол кезде пайда болған.

Ресейге қарсы бағытты ұстанған матай-қараужасықтар және мұрындардың билеушісі Данияр Ханқожиннің 1840 жылдың жазында тұтқындалуы, Қытайдың Бөкен шекара бекеті маңындағы (бүгінгі Үлкенбөкен ауылы тұрған жер. Авт.) орыс жағының батыл шаралары жоғарыда айтылған рулардың Ресей бодандығына өтуіне бет бұрғызды. 1840 жылы 3 тамызда 800 түгін Ресей бодандығына өтеді. Сөйтіп, Қазақстан аумағындағы Орта жүздің оның ішінде Зайсан өңірінің Ресейге қосылуы тұтас бір ғасырдан астам уақытқа созылып, XIX ғасырдың 60-жж. аяқталды.

Қазақ жерін жалпы орыстың басқару жүйесіне толық көшіру «жаңа низам» аталған 1867 және 1868 жылдардағы әкімшілік-территориялық реформа бойынша жүзеге асырыла бастады. Осы ереже бойынша әр облыс уездерге

бөлінді. Сұлтандар билігі жойылды. Ережеге сәйкес Семей облысында Зайсан, Өскемен, Семей, Қарқаралы, Павлодар уездері құрылды.

1822 жылы 22 шілдедегі «Сібір қазақтары туралы Жарғыны» күшіне енгізу туралы жарғы бойынша 1831 жылы Аягөз сыртқы округі құрылады. Оның шегі оңтүстікте – Тарбағатай қырқалары, оңтүстік батыста Лепсі өзені, Балқаштың оңтүстік-шығыс жағалауы, солтүстікте – Шыңғыс тауының сілемдері мен Зайсан ойпатының оңтүстік бөлігі, шығысында Сауыр қырқалары мен Кендірлік өзенінің аңғары. Аягөз округіне кейіннен құрылатын Зайсан уезінің тұрғындары: 18 болыс найман, 6 болыс керей, 2 болыс уақ қараған. Жиыны осы округте 63376 адам болған. Кейіннен Зайсан уезі құрылғанда Аягөз округінің тұрғындары территорияларымен екіге бөлініп, Лепсі және Зайсан уездерінің құрамдарына кірді.

Зайсан уезі облыстың оңтүстік-шығысында орналасты. Уезд 3 учаскокке бөлінді. Оларды крестьян начальниктері басқарды. Уезге 17 болыс қараған, 2499 ауыл, 99443 адам болған. Уезд аумағын негізінен найман және керей тайпаларына кірген рулар мекендеген.

Семей облысының оңтүстік шығыс бөлігінің ең шеті – осы Зайсан уезі болды. Табиғаты, климаты жағынан уезд өзінің әр келкілігімен ерекшеленеді. Оның территориясында Оңтүстік-батыс Алтайдың таулы жоталары, таулар арасындағы кең жазықтар мен далалар, көптеген су көздері орналасқан. Мұнда Қазақстандағы ірі көлдердің бірі – Зайсан, Марқакөл және т.б. ұсақ көлдер бар. Уезд территориясымен Қара Ертіс, Ертіс көптеген тау өзендері (Қалжыр, Алқабек, Кендерлік, Көкпекті, Қарғыба, Базар, Боғас және т.б.) ағады. Құлжа келісімі бойынша, Қытайға берілген жерлерде көшпелі қазақ шаруашылықтарының қомақты бөлігі қалды. Зайсан уезі 49751 шаршы шақырым ауданды қамтыған. Осы территорияда уездің 17 болысы орналасты. Уездің аумағын найман рулары, атап айтсақ, 17 болыстың 16-сы наймандарға тиесілі болды(Асфендияров,1935).

Олармен бірге Абақ Керейлер де қоныстанды. Олар шығысында Қытаймен, солтүстігінде Қаражал-Жеменей өзенімен шектесетін. Қазақтардың кейбір шаруашылық топтарының Қытай территориясында жазғы жайылымдары болды және Ресейге де, Қытайға екі жақты бодан болды. Зайсан уезінің территориясында найманның қаракерей руының: Бәйжігіт, Ақнайман, Қожамбет, сонымен бірге Төртуылдың: Тоқан және Тоғыз сияқты таптары орналасты. Территорияның қалған бөлігінің көбін Қаракерей рулары: бәйжігіт, ақ-найман, қожамбет және мұрын болыстары алып жатты. Зайсан уезінің үлкен бөлігін мекендеген Бәйжігіт руы батыстан Аягөз өзенінен шығысқа, Төртуыл (Қара Ертіс) мен Керей (Сауыр жоталары) руларының иеліктеріне дейінгі және солтүстіктен Көкпекті жерінен оңтүстікке Тарбағатай жоталарына дейінгі үлкен аумақта қоныстанды. Уездің батыс бөлігінде Зайсан қаракерей наймандарының мұрын бөлігі орналасты. (ру атауы аналары Мұрынның атынан шыққан. Авт).

Уездің үлкен бөлігі қыстаулар жері болды және олар уездің шет жақтарына орналасты. Қыстау жерлері тау алқаптары (Тарбағатай, Сауыр, Маңырақ, Алтай) және өзен бойларындағы (Қара Ертіс, Қалжыр, Қарғыба сияқты т.б. өзендер) малды қатты аяздан қорғайтын қамыстар болды. Күздік жайылымдар негізінен уездің орталық және солтүстік бөліктерінде орналасты.

Егер жайлаулар қауымдық-рулық пайдалануда болып, әрбір ру, қауым белгілі территорияны иемденсе, ал қыстаулар жеке отбасылардың иелігінде болып, ұрпаққа мұрагерлікпен қалып отырды. Жазғы жайылымдар тау алқаптары мен жазықтарында өзендер бойында орналасты. Ең кең жазғы жайылымдар уездің солтүстік-шығыс (Марқакөл маңында) және солтүстік пен солтүстік-батыс бөлігінде (Жоғарғы Ертіс жазықтарында, Қызты, Көкпекті, Базар және т.б.) болды. Уездің оңтүстік бөлігінде Сауыр тауының солтүстік беткейінде ғана азғана жазғы жайылым болды.

Керей руына қарайтын ел Кендірлік болысын құраған. Ол шығысында Қытаймен, солтүстігінде Қаратал, Жеменей өзендерімен, батысында Үйдене өзенімен, Сауыр қыраттарымен шектескен. Абақ керейлер(жастабан, меркіт, жантекей, ителі, шеруші) жоғарыда аталған аймақта қыстап, жаз жайлауларына шыққан. Уездің басқа аумағын қаракерейлер: байжігіт, қожамбет, ақ найман, қыржы, мұрын рулары мекендеген. Қаракерейлердің қыстақтары Аягөзден Алтайға дейінгі аралықты алып жатқан.

Қазіргі Зайсан ауданы аумағында Маңырақ, Кендірлік, Қара Ертіс, Шілікті, Тарбағатай ауданы аумағында Шорға, Терісайрық, Ласты, Боғас, Нарын, Өкпеті, Базар, Құттықадам, Көкпекті ауданы аумағында Құлынжүн т.б сынды деп аталатын болыстар орналасты.

Мысалы, Зайсан жерінде болған 4 болысты алып қарастырайық. Кендірлік болысына 9 старшын ел қараған, 180 ауыл, 1622 шаруашылық, 69 отырықшы шаруашылық, 61 жартылай отырықшы шаруашылық болып, 7844 адам тұрған. Болыс аумағы шығысында Қытаймен, Солтүстік Шекарасы Қаратал, Жеменей өзендерінен өтіп, Батысы Үйдене мен Сауыр тауына, оңтүстігі де Сауыр тауымен шектесті. Жастабан руы Сауыр жотасының сол жағын, меркіт руы негізінен Сауырдың сол жағы және Кішкенетау, Шірікқайың, Кендірлік өзені аңғарын қыстап, Алтайдағы Қыран мен Қобда өзендері бассейндерін жайлаған, Жантекей руы Шілікті, Кендірлік өзендері, Тарбағатайдың сол жағын қыстап, Қыран, Қобда және Сақсай, кей ауылдар Қара Ертістің басын жайлады, Ителі руы Буырыл – Тоғай маңын, азғантай үйлер Кендірлік аңғарында қыстап, Қара Ертістің басын жайлады (Муқанов, 1991)

Қара Ертіс болысында 1373 шаруашылық, 7761 адам болған. 9 старшын елдің 1 старшыны Қара Ертістің оң жағалауын, қалған сегізі сол жағалауын мекендеген. Болыстың оңтүстік шекарасы Зайсан қаласына дейін болса, Шығыс шекарасы Алтаймен шектесті. Ертіс жағалауын, Корған, Ақарал бойын, Қаратал мен Сарбұлақ аңғарын, Қарабұлақ Жеменей нулы қойнауын, Кендірлік өзенін, Көкжота, Шеңгелді, Маңырақ, Қабырғатал, Кеңарал жерлерін, Бозайғыр, Құмтөбе құмдарын қыстап, жазда Күршім өзеніне, Марқакөл көліне көшті (Назарбаева, 2003).

Шілікті болысында 6557 адам болып, олар 1531 шаруашылықты құрады. Болыс жері Тарбағатай мен Маңырақ тауларының арасын алып жатты, өзге болыстардан Терісайрық өзенінің басынан бастап кейінгі Покровка ауылы жері болды. Қараөгіз, Шорға, Манас, Болатсу, Қарашық жерлерін қыстап, Терісқаққан өзенінен бастап Тарбағатай тауының Қотынашы, Сартайжолы, Ақжағалы, Малкөктем жайлауларын жайлады.

Маңырақ болысында 1263 шаруашылық, 5665 адам мекендеді. Бүкіл Маңырақ өңіріне қанат жайды. Осы болыста төртуылдар мен байжігіт рулары аралас-құралас тұрды.

Зайсан уезіндегі байжігіттер Терісайлық, Шілікті, Шорға, Хабарасу болстарында, мұрындар Нарын, Боғас, Қарғыба, Өкпекті, Базар, Баспан болыстарын, ал қыржы руы Лаба болысын құрады. Қожамбеттер – Қалжыр, Ақнаймандар – Мәйтерек болысының жерін мекендеді(Материалы,1913).

XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, сол кездегі көрнекті ел билеушісі, Ресей отарлауына қарсы Сыбанқұл төре қозғалысының белсенді қолдаушыларының бірі болған, сүйегі мұрын, «Біржан –Сара» айтысында «қарадан хан болған» деп дәріптелетін Қисық Тезекұлы 1844 жылы 14-шілдеде жаңадан құрылған Көкпекті сыртқы округінің аға сұлтандығына сайланды. Қисық 1850 жылға дейінгі екі сайлауда осы аға сұлтандық лауазымды иеленді. Одан кейін аға сұлтандар – Әбілез, Ханқожа төрелер. 1859 жылғы сайлауда Әлхан Тілеуберді ұлы аға сұлтан болып сайланды. Алайда, патша ұрпақтары Тана сияқты елге ықпалы мол адам, кейін икемге көнбейді деп қауіптеніп, аға сұлтандыққа сайлануына кедергі келтіреді. Тана 1864 жылы Еспе, Талменка, Бөкен өзендері түйісіп Ертіске құяр түбекте үлкен айшықты мешіт салдырған. Кейін бұл орын «Тана» мешіті атанды.

Ресей құрығы Шығыс аймаққа барған сайын жақындаса, елдің де тынысы сонша тарыла түскен. 1833 жылы Көкпекті салынғанға дейін бүгінгі Көкпекті ауданының жер көлемі түгелдей Қыржы - Мұрын руларының жазғы жайлауы болған. Жаңа дуан ашылған соң жер тарылды. Қазақстанның солтүстік өңірлеріне, Ертіс бойы, Бұқтырма өңірлеріне қазақ-орыс қоныстары, станциялар, шағын қалалар орнаған соң ол жерлерді мекендеген рулар ығыстырылды. Сол кезеңде Қазақстанның орталығында болған Кенесары Қасымұлы көтерілісінің де басты себебі жер-су мәселесі еді. Енді міне, Көкпекті салынып, Қыржы-мұрын рулары қазіргі Көкпекті мен Ақсуат аралығын және Қалбаның шығыс сілемімен шектеледі, олар бұрын жайлаған жерлер – Қалба тауларының солтүстік сілемі, Қызылсу, Шар өзендерінің бойы, Делбегетай тауы Бура, Матай, Керей руларының қарамағына берілді. Бұрын Зайсан мен Көкпекті аралығындағы тас жол бойымен сапар шеккендер толып жатқан Романовкв, Николаевка сияқты орысша атаулы елді мекендерді жанай өтетін. Біржан - Сара айтысындағы:

Найманда Қаракерей, Сыбан, Мұрын,

Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.

Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебай,

Қай қазақ сөз сөйледі одан бұрын? –дейтін шумақта аты аталған адамдар Ресейдің озбырлығына, орыстардың, қарашекпенділердің өктемдігіне қарсы наразылық білдірген елдің серкелері болатын.

1826 жылы Қалба тауының етегінде Көкпектінің іргетасы қаланды. Ол Зайсан уезіне қарайтын болды. Сонымен, осы өзеннің екі жағын он шақырымдай жазық жер құрады. Барлық жерлер, шабындықтар, егіндік жерлер, жайылымдық жерлер жергілікті халықтардан тартып алына бастады. Көкпекті сыртқы округіне қараған болыстар арасында Шаянбай Ұлтаракұлы басқарған Шорға болысы аталады. 1868 жылдан бастап Көкпекті округі Зайсан уезіне қарады. Содан 1928

жылға дейін 60 жыл бойы әкімшілік-аумақтық бағыныста болған.(Жеңсеханов,2003).

XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың алғашқы жартысы тұсында Зайсан елінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы дамудың патриархалдық-феодалдық сатысымен сипатталады. Өлкеміздің саяси өміріне келсек, Ресей отаршылдарының қанды шеңгелі әлі жете қоймаған, шартты түрде Қытай бодандығына тәуелді болғанымен, іс жүзінде барлық билік елдің ақсүйек бектері мен хан тұқымы төрелердің еркінде болды. Ол кезде халық арасында «Төресіз ел, төбесіз жер болмайды» -деген қағида болған. Ешқандай руға жатпайтын руы жоқ төренің басшы болуы заманда ел бірлігін сақтау, әділдік үшін дұрыс деп бағаланса керек. Біріншіден, жергілікті халық өздері қалап, тағайындап алған басшыларына аса құрметпен қарады, айтқанын екі етпей орындап отырды. Ал, төрелер тиісінше, елдің тыныштығын, ел ішіндегі айтыс-тартыстарды болыстар мен билер арқылы шешіп, елдің бірлігін, тыныштығын қамтамазсыз етті, өз қаорамағындағы халқына қалтқысыз қызмет етіп, өздерін абырой, даңққа бөледі.

Екіншіден, төре тұқымының бәрі бірдей ақылды, беделді бола қойған жоқ. Олардың ішінде әпербақан, ұр да жық, қарапайым халықты менсінбей, түрлі қиянат жасағандары да болды. Зайсан өңірінде де төрелер ықпалы о баста күшті болғанымен артынан мәртебесінен айырыла бастады. Ресей заңдары елдің ішкі ісіне араласқанда, бұрынғы ықпалынан мүлде айырылды. Ел есінде –Көгедай, Қамбар, Дайыр төрелер сақталып қалды.

Көгедай –Абақ Керей төресі. Оның әкесі Әбілпейіз. Көгедайдың әкесі Әбілпейіз найман еліне төре болады. Сол кезде әрі батыр, әрі әділ би көзінің тірісінде халық ұранына айналған, Қабанбайдың есімімен қатар аталатын Найманның белгілі биі Боранбай Түркістандағы Әбілмәмбет ханның бір баласын Найман еліне төре болуын сұрап барады.

Абақ Керейлер XVIII ғасырдың соңғы жартысынан бастап, Батыр Бердәулетұлы Жәнібектің ұсынысымен төре іздейді, Абақ Керей өкілдері ол үшін 1783 жылы Әбілпейіз төреге келіп балаларының бірін Абақ Керейге төрелікке жіберуін өтінеді. Халық өтінішін құрметтеген Әбілпейіз өзінің кіші әйелі Тұмар ханымды үлкен ұлы 12 жасар Көгедайды бас етіп, 10 жасар Сәмен, 8 жасар Жабағы деген 3 баласымен Абақ Керейге жібереді. 1790 жылы Көгедай, Сәмен, Жабағы үшеуі Пекин қаласына Қытайдың ханына шен алуға барады, Көгедай «жингогун» Сәмен мен Жабағы екеуі «фиготун» шенін алып еліне оралады.

Қамбар – Байжігіт елінің жұмық руының төресі, Санияз төренің батыр ұлы. Ұзақ жасап, мекені Маңырақта қайтыс болған. Зираты сол жерде. «Қамбардың қара қойнауы» деген шұрайлы қоныс бар. Дәуірлеп тұрған жас шағында Маңырақ өңірін Абақ Керейлердің жастабан руынан тартып алған. Қарауындағы халық үшін көп игілікті істер тындырған. Әкесі Санияз төленгіттерінің ұраны болған. Сонымен қатар тәртіп үшін Маңырақ тауындағы биіктігі 20-30 метр келетін жартастан түсіп жатқан бір сарқыраманы айыпкерлерді жазалайтын орынға айналдырған.

Дайыр Тоқтакөшкеұлы - Төртуыл руының төресі. Санияз төренің немересі Дайыр төре туралы жаман пікір айтылмайды. Дайыр айтыпты деген қанатты

сөздер кездеседі. Зираты «Жарлы » өзенінің солтүстік жағында. Ауыл совхоз орталығы болып үлкейгенде, төре мазары елді мекеннің ортасында қалды. Төртуыл елін билер, ақсақалдар арқылы басқарып ұсақ-түйекке көп араласпаған сияқты. Төртуылдың биі, әйгілі шешен Назар Жанакұлымен ақиреттік дос болған. Достықтарының белгісі ретінде қайсысы бұрын өлсе артта қалғаны алдыңғы өлгеннің зиратына жерленетіндіктерін айтып ант ішіп, құран ұстап баталасқан. Ол кезде қарапайым адамның төренің зираиһтына қойылуы үлкен абырой, мәртебе, Ал атақты төренің қараның зиратына жерленуі тарихта болмаған жағдай еді [29,343]. Яғни Дайыр төре адам адамның құлы емес, Алланың құлы деген бағыт ұстанып, басқа халықты да өзімен тең санағанын осыдан-ақ көруге болады. Осы кезде Дайыр ауылдық округі, Дайыр ауылы, Дайыр ауылдық жанұялық емхана, Дайыр халық театры сол кісінің есімімен аталады. Ұрпақтары Зайсан ауданында өмір сүруде. Мұхамедсұлтан деген баласы 1873 жылы II Александр патшаның қабылдауында болған(Алтыбаев,2006).

Екі алып империя Қытай мен Ресей шекараларын айқындау үшін 1860 жылы Пекин келісіміне қол қойып, шекара сызығын 1864 жылы Шәуешекте айқындауға тоқтам жасады. Дүнген-ұйғыр көтерілісі салдарынан бұл шешім аяқсыз қалды. Көтерілісті басуға қытайдың өз мүмкіндігі болмай, Ресейден көмек сұрауға мәжбүр болды. Жетісу генерал губернаторы Г.Колпаковский бастаған орыс әскері Құлжа аймағына кіргізілді, Ресей бұл өңірді 1881 жылға дейін оккупациялады. 1881 жылы 12 ақпанда жасалған Санкт-Петербург келісімі бойынша шекараның Зайсан көлі ауданы арқылы өтуі нақтыланады. Бұл жағдай 1884 жылы Шәуешек протоколымен заңдастырылған. Іс жүзінде оған дейін-ақ Ресей өз мүддесін ойдағыдай орындап үлгерген болатын.

XIX ғасырдың ортасында Жеменей өзенінің жағасында «Жеменей» атты застава пайда болды. Оның іргетасын қалаған Ресей империясының шекаралық аймағын күзетуге келген казак-орыстар еді. 1864 жылы әуелі Зайсан станциясы деп аталына бастады, кейінірек ресми түрде Зайсан қаласы деп аталынды. Зайсан қаласының салынуы 1868 жыл деп есептелінеді. Зайсан қаласының салынуы туралы өлкетанушы С.Черных «Зайсан, то есть «благородный», включает в себе 163 дома, 2 тысячи жителей (включая военных)... Основание его относится к 1867 году, когда сюда впервые прибыли казаки, а в 1868 г, были построены первые дома» (Алтыбаев,2006).

Сауыр тауын бойлай өтіп, оның етегінде «Кішкене тау» сайлары арқылы Зайсан ойпатына құлай ағатын көп өзендердің бірі «Жеменей» деп аталды. Ол алғашқы кезде «Джеменейка» деп аталған. 1830 жылдар шамасында географ-геодезист Маяковский Ертістің Шығыс тұсында пост (күзет орны) орнатуға ұрымтал да қолайлы мекенді белгілеу үшін зерттеуге келеді. Оны Базар бекетінен руы Бәйжігіт ішінде тәуке Серменұлы Сырымбай бастап келеді. XIX ғасырдың ортасында Ресей патшасы инфантерия генерал-майоры Л.Ф Бабковқа осы ну орманды Жеменейдің жоғары саласында әскерлерге арнап қамал салуды міндеттейді. Бірақ генерал жергілікті халықтың мінез-құлқын бақылап, зерделеу нәтежиесінде «мұнда жуас, қонақжай ел тұрады екен, сондықтан бұл жерге қамал тұрғызу артық шығын» деген қортындыға келіп, тек бекініс қана салынған.

Сөйтіп, бүгінгі Зайсан, Күршім, Көкпекті, Тарбағатай аудандары орналасқан кең-байтақ өңірде көп ұзамай құрылатын Зайсан уезінің орталығы Зайсанның негізі қаланды.

Қаланың негізі қаланған 1864 жылы Зайсанда 2663 орыс, 122 қазақ, татар тұрған. Татарлар Қазан, Уфа губернияларынан келген. Қалада әскерден босаған орыс, татарлар тұрақтап қалған.

Ресми деректерге қарағанда, 1887 жылы Зайсанда 31 дворян, офицер, чиновник, 2 дін басшысы, 28 көпес, 194 мешан, 298 шаруа, 1313 төменгі шендегі әскери адамдар мен олардың үй-іші, 616 қазақ, 2басқа дәрежедегі адамдар тұрған. Діни танымы бойынша 2017 православный, 6 католик, 1 протестант, 10 иудаист, 470 мұсылман болған. Зайсанда 1897 жылы - 4402, 1907 жылы – 5047, 1941 жылы - 8490 адам тұрған (Материалы,1905)

Ал 1864 жылы сонымен бірге Зайсан қаласына қазақ станицасы дегенде статус берілді. Қазақ даласынан Қытай, Тибет, Шыңжанға жүн, тері, мал, ағаш тағы басқа да шикізат, ал ол жақтан мата, киім-кешек, қол өнер бұйымдары Зайсан кедені арқылы өткендіктен маңызы арта түсті.

Зайсан өңіріндегі кәсіпкерлік табиғи-географиялық, әлеуметтік және геосаяси факторлардың ықпалымен дамыды. Кәсіпкерлік дамуының негізгі кезеңдері дәстүрлі шаруашылық және айырбас саудадан басталып, кейін XIX ғасырдың екінші жартысында жәрменкелік кәсіпкерлік арқылы аймақтың ірі экономикалық орталыққа айналуына ықпал етті. XX ғасырдың басынан бастап кеңестік индустрияландыру мен ұжымдастыру саясаты кәсіпкерліктің құрылымын түбегейлі өзгертіп, жаңа кәсіпорындар мен ұжымдық шаруашылықтардың дамуына мүмкіндік берді. 1991 жылдан кейін тәуелсіздік кезеңінде нарықтық қатынастарға бейімделу арқылы жергілікті кәсіпкерлік жаңа серпін алды. Татар, орыс және қазақ кәсіпкерлерінің қызметі аймақтық кәсіпкерліктің өзіндік бейнесін қалыптастырып, экономикалық өмірмен қатар әлеуметтік және мәдени салалардың дамуына да ықпал етті. Геосаяси жағдай, атап айтқанда Ресей–Қытай шекарасы, кәсіпкерліктің бағыттары мен құрылымына үнемі әсер етіп, сауда және транзиттік қатынастардың дамуына жағдай жасады. Тәуелсіз Қазақ елінің Зайсан өңірі, бүгіндері бірнеше әкімшілік-территориялық бірліктерге бөлінген бұл кең байтақ аймақ, XIX ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейінгі және одан кейінгі кезеңдерде оқиғаларға толы күрделі тарихи дамуды көрсетеді.

Қорытынды

Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің тарихи дамуы аймақтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени келбетін айқындаған маңызды құбылыс болды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кәсіпкерліктің қалыптасуы дәстүрлі шаруашылық түрлерінен бастау алып, уақыт өте келе жаңа сипаттағы сауда-экономикалық жүйеге ұласты.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ресейлік әкімшілік реформалар аймақтың экономикалық өміріне түбегейлі өзгерістер енгізді. Жәрменкелер мен базарлар құрылып, халықаралық сауда жолдары кеңейді. Бұл жағдай жергілікті

халықтың кәсіпкерлікке бейімделуіне ықпал етті. Татар және орыс көпестерінің белсенділігі, олардың тәжірибесі мен ықпалы қазақ қоғамына жаңа экономикалық мәдениетті енгізді.

Зайсан өңірінің геосаяси орналасуы – Ресей мен Қытай арасындағы шекаралық аймақ болуы – кәсіпкерліктің өркендеуіне ерекше жағдай жасады. Аймақ халықаралық сауда байланыстарының торабына айналып, тек экономикалық қана емес, мәдени ықпалдастық орталығы ретінде де дамыды.

Кәсіпкерліктің дамуы әлеуметтік құрылымға да ықпал етті: жаңа кәсіпкерлік топтар пайда болып, қоғамның әлеуметтік иерархиясында өзгерістер орын алды. Бұл құбылыс аймақтың саяси және мәдени өміріне де әсерін тигізді.

Дегенмен, XX ғасырдың басындағы революциялық оқиғалар мен Кеңес билігінің орнауы кәсіпкерліктің табиғи дамуын тоқтатты. Соған қарамастан, XIX–XX ғасырдың басындағы тәжірибе Зайсан өңірінің халық жадында сақталып, кейінгі кезеңдерде де экономикалық өмірге әсерін тигізді.

Жалпы алғанда, Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің тарихи дамуын зерттеу Қазақстан тарихындағы аймақтық ерекшеліктерді терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу нәтижелері қазіргі кезеңде кәсіпкерлікті дамыту стратегиясын жасауда да ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

Abdurasulov A. *Kazakhstan's Trade and Economic Development in the 19th Century*. – Almaty: KISI, 2019.

Atantaeva B.ZH., Chungalov D. Rol' kupcov v stanovlenii Semipalatinska kak torgovogo i promyshlennogo goroda v XIX – nachale XX vv. // Materialy XVI Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Innovacionnye processy v nauke i tekhnike XXI veka (Nizhnevartovsk, 20 aprelya 2018 g.), Tom I. - Tyumen' TIU, 2018. – S. 128-131.

Gabdulina A.Zh., Aubakirova K.Sh., Akhmetova R.D., Abenova G.A., Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity. //Bylye Gody. 2021. 16(2) p.738

Gabdulina A.Zh., Dzhumagaliyeva K.V., Akhmetova R. D., Aubakirova H. A., The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire. //Bylye Gody. 2020 56(2) p.674

Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен), 2-ое издание. – Алма-Ата: Казак университеты, 1993. – 304 с.

Atantaeva B.ZH., Ahmetova R.D. Tatarskoe kupechestvo Semipalatinskoj oblasti v XIX - nachale XX veka // Sibirskoe kupechestvo: istoki, deyatelnost', nasledie materialy tret'ej Vserossijskoj nauchnoj konferencii. Tomsk, 2019. S. 262-269.)

Алексеев Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав, 1870–1914 гг.). – Алма-Ата, 1981.

Алтыбаев Қ. Атамекен Зайсан. - Өскемен: Реклама-Дайджест, 2006. - 505 б.

- Арыққарықызы Е. Монғол қазақтары поэзиясы және ақын Кәкей Жаңжұнұлы, зерттеу. – Алматы: Ақотау баспасы, 2009. - 208 б.
- Ахтямов Я. Наперекор ударам судьбы. – Челябинск, 1997. – 159 с.
- Байбатыров Ғ. Зайсан тарихы: оқулыққа қосымша. - Өскемен, 2003. - 180б.
- Бартольд В.В. *Сочинения*. Т. 2. – М.: Вост. лит., 1963.
- Бекмаханов Е. Б. Присоединение Казахстана к России. – Москва: Изд-во Академии наук СССР, 1957.— 324 с.
- Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. – 1917 г.). – М.: 1986.
- Большая семья Пидакмета Бобкина. – Алматы, 2011. – 52 с.
- Галиев В. З. Книга, разбудившая народ: разыскания о Мыржакыпе Дулатове и его сборнике «Проснись, казах!» - Алматы: Мектеп, 2011. – 525 с.
- Гибадуллина Э.М. Татарские торговцы в Семипалатинской области Казахстана во второй половине XIX-начале XX вв. //Балтийский гуманитарный журнал. 2013. № 4 .70б.
- Жапаров Б. Зайсан асулары: тарихи-публицистикалық очерктер / Жапаров Б., Түлкин Р., Құдабаев Б., Майкөбекова М. – Алматы: Баспа, 1998. – 190б.
- Жеңсеханов М. Шежірелі Зайсан. - Семей: Азербаева К., 2004. - 158 б.
- Зайсанская котловина и Тарбагатай. Т. 81. В. А. Хахлов – [Известия Томского государственного университета. — 1928. — 1-157 с.](#)
- Записки де ла Невилля о Московии. Невилль де ла. 1689 г. Перевод с французского и предисл. А. И. Браудо в 71 т. №9 / Русская старина, 1891.
- Каримов М.К. Шығыс Қазақстандағы қазақ кәсіпкерлігінің дамуы (XIX ғасыр – XX ғасырдың басы) / Каримов М.К., Асылбеков М.К., Даутова А.Ф. – Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің баспасы, 2016 - 252 б.
- Касымбаев Ж.К. Из истории развития городской промышленности Восточного Казахстана в начале XX в. Социально-экономические и исторические предпосылки и прогрессивное значение присоединения Казахстана к России. – Алма-Ата, 1981.
- Кәрімхан З. Алыптар алшаң басқан жер I бөлім // Электронды ғылыми журнал «e-history.kz». URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/338835> (жүгінген күні: 22.10.2022).
- Климова О.Г. Организация изучения истории Сибирского предпринимательства второй половины XIX - начала XX в.-Барнаул, 2021.-334б.
- Кожанов К. *Зайсан өңірінің тарихы*. – Өскемен, 2015.
- Крафт И. И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898. - 532 с., 161-бет.
- Краткий обзор внешней торговли через Западную Сибирь в 1851–1860 гг. Записки ИРГО. Кн. 3. Венюков М. – СПб.: 1861. – 161–186 с.
- Кумарова Б.М. Татарская мечеть города Зайсана // сайт Восточно-Казахстанского областного архитектурно-этнографического и природно-ландшафтного музея-заповедника. URL: https://vkoem.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=421:2010-08-05-05-47-43&catid=85:2010-03-09-10-07-22&Itemid=93 (жүгінген күні: 03.10.2010).

Қасымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 г. Социально-экономический аспект. – Алма Ата: Ғылым, 1990. – 184 с.

Қасымбаев Ж.Қ. *Жәрмеңкелер тарихы*. – Алматы: Қазақстан, 1995.

Левшин А.И. *Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей*. – Алматы, Санат, 1996.

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Экспедицией по исследованию степных областей в 13 т. / Свод материалов по киргизскому землепользованию, собранных и разработанных Экспедицией по исследованию степных областей. – СПб., 1898-1906.

Описание Западной Сибири. Т. 3. Сибирско-киргизская степь. Завалишин И. – М: СПб., 1867. – 145 с.

Поляков Л.С. *Казахские степи и торговые пути*. – Томск, 1911.

Потанин Г.Н. Материалы для истории Сибири. – М., 1867.

Радлов В.В. Из Сибири: страницы с дневника. М., 1989. - 749 с.

Сармұхамедов А. *Қазақстандағы кәсіпкерліктің тарихи негіздері*. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2010.

Семипалатинск и другие города Семипалатинской области. Т. 2. / Живописная Россия, Потанин Г.Н. – СПб.: –1884.

Сундетов С.А. Торговля в Казахстане в начале XX века. Казахстан в канун Октября. – Алма-Ата, 1969.

Сүлейменов Б. *Қазақстанның жаңа тарихы*. – Алматы: Ғылым, 2004.

Торговое движение между Западной Сибирью, Средней Азией и Китайскими владениями. Записки ЗСО ИРГО. Кн. 3. Балкашин Н. – Омск, 1881. – 1-32 с.

Финш О. Путешествие в Западную Сибирь: с рис. в тексте / Финш О., Брэм А. – Москва: М.Н. Лаврова и К°, 1882. – 578 с. Электронная книга. URL: https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_003613785?page=129&rotate=0&theme=white

Черников В.С. Эволюция социального и национального состава населения северных городов Казахстана в XIX – XX вв. Проблемы социально-экономического и этнодемографического развития городов Казахстана. – Алма-Ата, 1985.

Черных С.Е. Одна но пламенная страсть. - Алма-Ата: Казахстан, 1986. – 156с.

Черных С.Е. С берегов Иртыша. - Алма-Ата: Казахстан, 1981. – 287 с.

Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. (Историко-экономический очерк. – Алма-Ата, 1960.

Шоинбаев, Т. Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. – Алма-Ата: Казахстан, 1982. – 279 с.

Ядринцев Н.М. *Сибирь как колония*. – СПб., 1892.

Рафик Х. Усманов

*Профессор кафедры востоковедения и политических наук
Астраханского государственного университета имени В.Н. Татищева,
Астрахань, Российская Федерация*

Исторические предпосылки регионального предпринимательства: на примере Зайсана

Аннотация. В статье рассматривается историческое развитие предпринимательства в Зайсанском регионе с точки зрения социально-экономических и геополитических факторов. Цель исследования — определить историческую динамику регионального предпринимательства и показать его место в истории края. В процессе исследования анализируется влияние географических особенностей и приграничного положения Зайсана на предпринимательство, структуры и направления предпринимательства XIX–XX вв., торговые пути, ярмарки, развитие ремесел и промышленности. Также проводится сравнительный анализ деятельности татарских, русских и местных казахских предпринимателей, рассматривается влияние государственной политики советского периода на предпринимательство. Опыт предпринимательства в годы независимости оценивается в контексте исторической преемственности.

Особенность исследования заключается в комплексном рассмотрении предпринимательства в Зайсанском регионе в контексте социально-экономических и геополитических факторов. Если в большинстве трудов предпринимательство характеризуется на уровне всего казахского общества или Восточного Казахстана в целом, то в данной статье акцент сделан на конкретный регион. На основе архивных данных, статистических сборников, этнографических материалов и современных исследований впервые системно проанализировано историческое развитие регионального предпринимательства.

Результаты исследования позволяют сформировать комплексный взгляд в области экономической истории, социальной истории и этнографии, а также могут послужить основой для разработки современных стратегий развития регионального предпринимательства, совершенствования исторического туризма и краеведческой работы.

Ключевые слова: Зайсан, предпринимательство, социально-экономический фактор, геополитическое положение, торговля, купец, ярмарка, татарин.

Rafik Kh. Usmanov

*Professor, Department of Oriental Studies and Political Sciences,
Astrakhan State University named after V.N. Tatishchev,
Astrakhan, Russian Federation*

Historical Preconditions of Regional Entrepreneurship: The Case of Zaysan

Abstract. The article examines the historical development of entrepreneurship in the Zaysan region from socio-economic and geopolitical perspectives. The aim of the study is to identify the historical dynamics of regional entrepreneurship and to demonstrate its place in the history of the area. The research analyzes the impact of Zaysan's geographical features and border location on entrepreneurship, the structures and directions of entrepreneurship in the 19th–20th centuries, trade routes, fairs, the development of crafts and industry. A comparative analysis is made of the activities of Tatar, Russian, and local Kazakh entrepreneurs, while the influence of Soviet state policy on entrepreneurship is also considered. The entrepreneurial experience of the years of independence is evaluated in terms of historical continuity.

The uniqueness of this study lies in its comprehensive approach to entrepreneurship in the Zaysan region within the framework of socio-economic and geopolitical factors. Whereas most works describe entrepreneurship at the level of Kazakh society as a whole or the entire East Kazakhstan region, this article focuses specifically on one locality. Drawing on archival data, statistical

collections, ethnographic materials, and modern research, the historical development of regional entrepreneurship is systematically analyzed for the first time.

The results of the study contribute to the formation of a comprehensive perspective in the fields of economic history, social history, and ethnography. They can also serve as a basis for developing modern strategies for regional entrepreneurship, enhancing historical tourism, and improving local history studies.

Keywords: Zaysan, entrepreneurship, socio-economic factor, geopolitical situation, trade, merchant, fair, Tatar.

References

Abdurasulov A. Kazakhstan's Trade and Economic Development in the 19th Century. – Almaty: KISI, 2019.

Atantaeva B.ZH., CHungalov D. Rol' kupcov v stanovlenii Semipalatinska kak torgovogo i promyshlennogo goroda v XIX – nachale XX vv. // Materialy XVI Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii «Innovacionnye processy v nauke i tekhnike XXI veka (Nizhnevartovsk, 20 aprelya 2018 g.), Tom I. - Tyumen' TIU, 2018. – S. 128-131.

Gabdulina A.Zh, Aubakirova K.Sh., Akhmetova R.D., Abenova G.A., Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity. //Bylye Gody. 2021. 16(2) r.738

Gabdulina A.Zh., Dzhumagaliyeva K.V., Akhmetova R. D., Aubakirova H. A., The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire. //Bylye Gody. 2020 56(2) r.674

Acfendijarov C.D. Ictorija Kazahctana (c drevnejshih vremen), 2-oe izdanie. – Alma-Ata: Kazak univercitety, 1993. – 304 c.

Atantaeva B.ZH., Ahmetova R.D. Tatarskoe kupechestvo Semipalatinskoj oblasti v XIX - nachale XX veka // Sibirskoe kupechestvo: istoki, deyatel'nost', nasledie materialy tret'ej Vserossijskoj nauchnoj konferencii. Tomsk, 2019. S. 262-269.)

Alekseenko N.V. Naselenie dorevoljucionnogo Kazahstana (chislennost', razmeshhenie, sostav, 1870–1914 gg.). – Alma-Ata, 1981.

Altybaev Q. Atameken Zajsan. - Oskemen: Reklama-Dajdzhest, 2006. - 505 b.

Aryqqaryqzy E. Mongol qazaqtary pojezijasy zhane aqyn Kakej Zhanzhunuly, zertteu. – Almaty: Aqotau baspasy, 2009. - 208 b.

Ahtjamov Ja. Naperekor udaram sud'by. – Cheljabinsk, 1997. – 159 s.

Bajbatyrov G. Zajsan tarihy: oqulyqqa qosymsha. - Oskemen, 2003. - 180b.

Bartol'd V.V. Sochinenija. T. 2. – M.: Vost. lit., 1963.

Bekmahanov E. B. Prisoedinenie Kazahstana k Rossii. – Moskva: Izd-vo Akademii nauk SSSR, 1957.— 324 s.

Bekmahanova N.E. Mnogonacional'noe naselenie Kazahstana i Kirgizii v jepohu kapitalizma (60-e gody XIX v. – 1917 g.). – M.: 1986.

Bol'shaja sem'ja Pidahmeta Bobkina. – Almaty, 2011. – 52 s.

Galiev V. Z. Kniga, razbudivshaja narod: razyskanija o Myrzhakype Dulatove i ego sbornike «Prosnis', kazah!» - Almaty: Mektep, 2011. – 525 s.

Gibadullina Je.M. Tatarckie torgovcy v Cemipalatinckoj oblacti Kazahctana vo vtoroj polovine XIX-nachale XX vv. //Baltijckij humanitarnyj zhurnal. 2013. № 4 .70b.

- Zhapparov B. Zajsan asulary: tarihi-publicistikalyq ocherkter / Zhapparov B., Tulkin R., Qudabaev B., Majkobekova M. – Almaty: Baspa, 1998. – 190b.
- Zhensehanov M. Shezhireli Zajsan. - Semej: Azerbaeva K., 2004. - 158 b.
- Zajsanskaja kotlovina i Tarbagataj. T. 81. V. A. Hahlov – Izvestija Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. — 1928. — 1-157 s.
- Zapiski de la Nevillja o Moskovii. Nevill' de la. 1689 g. Perevod s francuzskogo i predisl. A. I. Braudo v 71 t. №9 / Russkaja starina, 1891.
- Karimov M.K. Shygys Qazaqstandagy qazaq kasipkerliginin damuy (XIX qasyr – XX qasyrdyn basy) / Karimov M.K., Asylbekov M.K., Dautova A.F. – Semej: Semej qalasynyn Shakarim atyndaqy memlekettik universitetinin baspasy, 2016 - 252 b.
- Kasymbaev Zh.K. Iz istorii razvitija gorodskoj promyshlennosti Vostochnogo Kazahstana v nachale HH v. Social'no-jekonomicheskie i istoricheskie predposylki i progressivnoe znachenie prisoedinenija Kazahstana k Rossii. – Alma-Ata, 1981.
- Karimhan Z. Alyptar alshan basqan zher I bolim // Jelektrondy qylymi zhurnal «e-history.kz». URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/338835> (zhugingen kuni: 22.10.2022).
- Klimova O.G. Organizacija izuchenija istorii Sibirskogo predprinimatel'sta vtoroj poloviny XIX - nachala XX v.-Barnaul, 2021.-334b.
- Kozhanov K. Zajsan oniriniñ tarihiy. – Oskemen, 2015.
- Kraft I. I. Cbornik uzakonenij o kirgizah ctepyh oblactej. Orenburg, 1898. - 532 c., 161-bet.
- Kratkij obzor vneshnej trgovli cherez Zapadnuju Sibir' v 1851–1860 gg. Zapiski IRGO. Kn. 3. Venjukov M. – SPb.: 1861. – 161–186 s.
- Kumárova B.M. Tatarskaja mechet' goroda Zajsana // sayt Vostochno-Kazahstanskogo oblastnogo arhitekturno-jetnograficheskogo i prirodno-landshaftnogo muzeja-zapovednika. URL: https://vkoem.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=421:2010-08-05-05-47-43&catid=85:2010-03-09-10-07-22&Itemid=93 (zhygingen kyini: 03.10.2010).
- Qasymbaev Zh.K. Goroda Vostochnogo Kazahstana v 1861-1917 g. Social'no-jekonomicheskij aspekt. – Alma Ata: Qylym, 1990. – 184 s.
- Qasymbaev Zh.Қ. Zharmenkeler tarihiy. – Almaty: Қазақстан, 1995.
- Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih ili kirgiz-kajsackih ord i stepej. – Almaty, Sanat, 1996.
- Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniju, sobrannye i razrabotannye Jekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastej v 13 t. / Svod materialov po kirgizskomu zemlepol'zovaniju, sobrannyh i razrabotannyh Jekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastej. – SPb., 1898-1906.
- Opisanie Zapadnoj Sibiri. T. 3. Sibirsko-kirgizskaja step'. Zavalishin I. – M: SPb., 1867. – 145 s.
- Poljakov L.S. Kazahskie stepi i trgovye puti. – Tomsk, 1911.
- Potanin G.N. Materialy dlja istorii Sibiri. – M., 1867.
- Radlov V.V. Iz Sibiri: stranicy s dnevnika. M., 1989. - 749 s.
- Sarmuhamedov A. Qazaqstandaqy kasipkerliktin tarihi negizderi. – Astana: EUU baspasy, 2010.

Semipalatinsk i drugie goroda Semipalatinskoj oblasti. T. 2. / Zhivopisnaja Rossiya, Potanin G.N. – SPb.: –1884.

Sundetov S.A. Torgovlja v Kazahstane v nachale HH veka. Kazahstan v kanun Oktjabrja. – Alma-Ata, 1969.

Sylejmenov B. Qazaqstannyn zhana tarihy. – Almaty: Qylym, 2004.

Torgovoe dvizhenie mezhdz Zapadnoj Sibir'ju, Srednej Aziej i Kitajskimi vladenijami. Zapiski ZSO IRGO. Kn. 3. Balkashin N. – Omsk, 1881. – 1-32 s.

Finsh O. Puteshestvie v Zapadnuju Sibir': s ris. v tekste / Finsh O., Brjem A. – Moskva: M.N. Lavrova i K°, 1882. – 578 s. Jelektronnaja kniga. URL: https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_003613785?page=129&rotate=0&theme=white

Chernikov V.S. Jevoljucija social'nogo i nacional'nogo sostava naselenija severnyh gorodov Kazahstana v XIX – HH vv. Problemy social'no-jekonomicheskogo i jetnodemograficheskogo razvitija gorodov Kazahstana. – Alma-Ata, 1985.

Chernyh S.E. Odnа no plamennaja strast'. - Alma-Ata: Kazahstan, 1986. – 156s.

Chernyh S.E. S beregov Irtysha. - Alma-Ata: Kazahstan, 1981. – 287 s.

Chulanov G. Promyshlennost' dorevoljucionnogo Kazahstana. (Istoriko-jekonomicheskij ocherk. – Alma-Ata, 1960.

Shoinbaev, T. Zh. Dobrovol'noe vhozhdenie kazahskih zemel' v sostav Rossii. – Alma-Ata: Kazahstan, 1982. – 279 s.

Jadrincev N.M. Sibir' kak kolonija. – SPb., 1892.

Автор туралы мәлімет:

Усманов Рафик Хамматович - В.Н. Татищев атындағы Астрахан мемлекеттік университетінің Шығыстану және саяси ғылымдар кафедрасының профессоры, Астрахан қаласы, Ресей Федерациясы.

Сведение об авторе:

Усманов Рафик Хамматович - Профессор кафедры востоковедения и политических наук Астраханского государственного университета им. В.Н. Татищева, г. Астрахань. Российская Федерация.

Information about the author:

Usmanov Rafik Khammatovich - Professor at the Department of Oriental Studies and Political Science, Astrakhan State University named after V.N. Tatishchev, Astrakhan, Russian Federation.